**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ**

**СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ**

**«НҰРБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ»**

**КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

**ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ**

**НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**2022 жыл**

**Мазмұны**

**1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер ....................................9-15**
**2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру қызметінің сапасы ...........................................................................15-22**
**3. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта ....................................................22-26**
**4. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту.................26-30**
**5. Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы ......................................30**
**6. Тәрбиеленушілердің даму мониторингі ................................................30-34**
**7.Тәрбиеленушілердің сайыстарға қатысуының нәтижелілігі .............34-35**
**8. Кадр құрамы (білікті қызметкерлердің болуы) ....................................35**
**9. Қорытынды мен даму перспективалары ...............................................39**
**10. Қосымша ....................................................................................41**

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«НҰРБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «НҰРБӨБЕК»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА САТПАЕВ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

08 тамыз 2022ж. № 49

Сәтбаев қаласы город Сатпаев

**Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына, Қарағанды облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2022 жыл 04 шілдесіндегі 177 бұйрығы мен кезектен тыс 2022 жылғы 05 тамыздағы педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК-ның 07.08.2022ж-07.10.2022ж аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:
   Темирбекова Жанат Акчекеновна- бөбекжай директоры, комиссия төрайымы;
   Сейтжапбарова Гульнар Бухарбаевна-бөбекжай әдіскері, комиссия мүшесі;
   Усербаева Гульбану Абдыкадыркызы-психолог, комиссия мүшесі;
   Уразымбетова Раушан Ислямовна-педагог-зерттеуші, комиссия мүшесі;
   Абубакирова Кенжегул Джарылкасиновна- педагог-сарапшы, комиссия мүшесі;
3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.(1қосымша)
4. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.
5. Берілген бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.

**Директор** **Ж.Темирбекова**

Бекітемін
«Нұрбөбек» бөбекжайы»
КМҚКК директоры
_________ Ж.Темирбекова
« 01 » тамыз 2022жыл

Бөбекжайды өзін-өзі бағалауын ұйымдастырудың іс-шара жоспары

| р/с | Атауы | Аяқталу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Кезектен тыс педагогикалық кеңесті ұйымдастыру | Хаттама | Директор |
| 2 | Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуіне комиссия құру | Бұйрық | Директор |
| 3 | Өзін-өзі бағалау жұмыстарын белгілеу | Жоспар | Комиссия |
| 4 | Бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалауын жүргізуі | Бағалау парағы | Комиссия |
| 5 | Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын қорытындылау | Қорытынды ақпарат | Комиссия |
| 6 | Бөбекжайдың өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес ұйымдастыру | Хаттама | Комиссия |
| 7 | Бөбекжайдың өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша қамқоршылық кеңес отырысын ұйымдастыру | Есеп беру | Директор |
| 8 | Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын қорытындысын аумақтық бөлімшелерге ұсыну | Рәсімдеп ұсыну | Комиссия |
| 9 | Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын қорытындысын жариялау | Интернет ресурсында орналастыру | Директор |

**2022 жылғы 07 тамыздағы жоспардан тыс педагогикалық кеңестің № 6 хаттамасынан үзінді**

Қатысты: 34 педагог

Шақырылды: 2 медицина қызметкері, бухгалтер

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Нұрбөбек» бөбекжайы КМҚК өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы.

Темирбекова Ж.

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Бөбекжай директоры Ж. А. Темирбекова «Қарағанды облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-нің 2022 жылы аттестаттауға жататын Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы 04 шілде күнгі №177 бұйрығын оқыды. Осы бұйрық негізінде балабақша 2022 жылдың қараша айында мемлекеттік аттестаттауға жататынын айтты.

Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау алдында көрсетілетін білім беру қызметтерін тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне талдау қажеттілігін айтты. Ұжымды «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту турал» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен және 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 «Білім беруді өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен» таныстырды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Әдіскер Г.Сейтжапбарова өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия құру қажеттігін атап, кандай бағыттар бойынша материалдар дайындайтынын айқындап берді.

Тәрбиеші Кизайбекова Ж.Ж комиссия төрайымына мекеме басшысын, мүшелікке әдіскер мен жоғары санатты педагогтар - Абубакирова К.Д, Уразымбетова Р.И. кандидатураларын ұсынды.

Әдіскер Сейтжапбарова психолог Г.Усербаеваның кандидатурасын ұсынды.

Дауыс беру жеке дара жасалды. Қарсы емес -34 Қарсы-0. Қалыс қалғаны-0

**ШЕШТІ:**

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия келесі құрамда жасақталсын: комиссия төрайымы Ж. А. Темирбекова (директор), комиссия мүшелері Г. Б. Сейтжапбарова (әдіскер),

Абубакирова К.Д, (педагог-эксперт), Уразымбетова Р.И (педагог-зерттеуші), Г.Усербаеваның (психолог).

2. 2022 жылдың 07 қазанына дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процессінің барлық қатысушыларының наарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Жауапты: комиссия
Мерзімі: 10.10.2022 жылға дейін

Төрайым: Темирбекова Ж. А

Хатшы: Рахманова Г.Р

**2022 жылғы 07 қазандағы жоспардан тыс**
**№ 2 педагогикалық кеңестің хаттамасынан үзінді**

Қатысты: 33 педагог

Шақырылды: 2 медицина қызметкері, директордың шаруашылық істер жөніндегі орынбасары

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК өзін-өзі бағалау қорытындысы туралы.

## ТЫҢДАЛДЫ:

Өзін-өзі бағалау комиссиясы әр салада өздері зерттеген нысан бойынша сараптама жасады.

Бөбекжай әдіскері Г.Сейтжапбарова оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі, балалардың даму мониторингі бойынша есеп жасады.

Бөбекжай директоры Ж.Темирбекова педагогтардың сапалық құрамына жасалған талдаумен, тәрбиеленушілер мен педагогтердің жетістіктеріне, инклюзивті білім беруде қолжетімділікті іске асыру бойынша талдау жасады.

Директордың шаруашылық істер жөніндегі орынбасары Ж.Туякпаева материалдық-техникалық база жағдайы бойынша сараптама ұсынды.

## СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші А.Дюсенбекова Өзін-өзі бағалау материалдарын бекітуді ұсынды. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде обьективті сараптама жасады. Бөбекжай кадрлармен толық қамтылған. 26 тәрбиешінің 25-де базалық білімдері бар. «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру» мамандығы бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен.

Тәрбиеші Кизайбекова Ж.Ж ұсынылған сараптамадағы заттық-дамытушы орта бойынша мекемеде санитарлық-гигиеналық, психо-педагогикалық, қауіпсіз орта жасалғандығымен келісетінін атап «жақсы» бағасына дауыс беруді ұсынды.

## ШЕШТІ:

1. «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК өзін-өзі бағалау материалдары бекітілсін.
2. «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК өзін-өзі бағалауы «жақсы» деп бағалансын.

3. «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК өзін-өзі бағалауы мемлекеттік аттестациядан өту үшін Қарағанды облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-не ұсынылсын.

Жауапты: комиссия
Мерзімі: 30.10.2022 жылға дейін

4. «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК өзін-өзі бағалауы мектепке дейінгі мекеменің web-сайтында орналастырылсын.

Жауапты: комиссия
Мерзімі: 01.11.2022ж дейін

Төрайым: Темирбекова Ж. А

Хатшы: Рахманова Г.Р

**2022 жылғы 10 қазандағы «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК-ның қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысының № 2 хаттамасынан үзінді**

Қатысты: кеңес мүшелері:

Караторгаева Лаура Накимбековна
Жалмурзина Әйгерім Талғатқызы
Жакупова Сандуғаш Максутовна
Сагинтаева Кымбат Абаевна
Жаппасбаева Майра Смагуловна
Мұқатай Замира Мұқатайқызы
Оспанова Дина

Шақырылды: директор, өзін-өзі бағалау комиссиясы мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы туралы.

Темирбекова Ж.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бөбекжай директоры Ж. А. Темирбекова Қ мемлекеттік аттестаттау бойынша жасалған мекеменің өзін-өзі бағалау қорытындысымен таныстырды. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК-ның өзін-өзі бағалауы 07.08.2022ж-07.10.2022ж аралығында ұйымдастырылып өткізілгенін айтты. Жалпы кадрлардың сапалық құрамы, МТБ мен дамыту орталықтарының жайы, оқу-әдістемелік жұмыс,балалар контингенті бойынша жасалған бағалаулармен таныстырды.

Жанат Акчекеновна өзін-өзі бағалау қорытындысына сәйкес бөбекжайдың даму перспективасын айқындады.Комиссия жұмысының негізінде және педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес мекеменің өз-өзін бағалауы «zhagsy» екендігін айтты.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Караторгаева Лаура Накимбековна
басшының өзін-өзі бағалау қорытындысын қабылдауды ұсына отырып, басшының бағалауы сандарға сүйеніп жасалғанын, проблемалы тұстар анықталып оны жо жолдары анық көрсетілгенін айтты.

Жакупова Сандуғаш Максутовна ұжымның тұрақты екенін , бала қауіпсіздігіне жағдай жасалғанын тәрбиеленушілердің тәрбие мен оқу бағдарламасын игергендігін атады.

Жаппасбаева Майра Смагуловна білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін қабылдауды ұсынды.

**ШЕШТІ:**

Басшы Ж.Темирбекованың білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есебі қабылдансын.

Төрайым: Караторгаева Л.Н.
Хатшы: Дюсенбекова А.Т

**1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер**

1. **Білім беру ұйымының толық атауы:**

Қазақ тілінде:

Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімі «Нұрбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

Орыс тілінде:

Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад «Нұрбөбек» отдела образования города Сатпаев управления образования области Ұлытау.

2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері:**

Қазақ тілінде:

Қазақстан , Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Павел Шаталюк көшесі, 40 ғим.

Орыс тілінде:

Казахстан, Карагандинская область, город Сатпаев, улица Павла Шаталюка, зд 403.

3. **Заңды тұлғаның байланыс деректері** (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Телефон:

87774855542 - директор,

87106331632 - рабочий

e-mail: nurbobek@list.ru

Instagram Nurbobek_satpaev

Facebook Nurbobek_satpayev

Сайт http://sad-nurbobek.kz/ru

4. **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:**

Директор: Темирбекова Жанат Акчекеновна

87774855542 – ұялы телефон номері

871066331632-қызметтік телефон номері

| 5 | **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** |
|---|---|
| Ұлытау облысы әкімдігі қаулысы | №08/04 10 тамыз 2022жыл<br>«Ұлытау облысы білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» |
| Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама | Бизнес сәйкестендіру номері 100140006825<br>Берілген күні:15.09.2022жыл<br>Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:15.01.2010жыл |
| Мектепке дейінгі мекеме жарғысы | Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімі «Нұрбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны жарғысы |

| б | Рұқсат беру құжаттары |
|---|---|
| Қызметті жүзеге асырудың басталуы туралы хабарлама | Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы<br>№ KZ37RVK00041337 хабарлама.<br>2022 жыл |
| Медициналық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия | «Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ 07.05.2010ж берілген.<br>№ 0015273, Қосымша<br>№ 0026155 |
| Санитарлық эпидемиологиялық қорытынды | Санитарлық эпидемиологиялық қорытынды 2008 жылғы |
| Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама | Жылжымайтын мүлік объектілері:<br>жер учаскесі<br>кадастрлық нөмірі: 09-112-002-396<br>жалпы ауданы 1,1000 га,<br>бастапқы нысан: ғимарат, кадастрлық нөмірі: 09-112-002-396,<br>жалпы ауданы 33150,90 м2 ;<br>бастапқы объект трансформаторлық кадастрлық нөмірі 09-112-002-396 жалпы ауданы 52,8 м2 . |

**7. Мекеме туралы ақпарат**
**Салынған жылы:** 2009 жыл
**Пайдалануға берілген жылы**: 2010 жыл
**Ғимарат түрі:** типтік, үш қабатты
**Меншік нысаны**: мемлекеттік
**Жалпы ауданы:** 3315,0
**Жобалық қуаты:** 320
**Тәрбиеленушілер контингенті**: 324
**- бөбекжай топтарына баратын балалар саны -** 63
**- мектепке дейінгі топтарға баратын балалар саны** – 261
**Балабақшаның жұмыс режимі:** бес күндік жұмыс аптасы.
Сағат 7.00 - ден 19.00-ге дейін, 12 сағаттық
**Оқыту тілі:** мемлекеттік және орыс тілдерінде.
**Мемлекеттік тілде оқытатын** - 9 топ,
**Орыс тілінде оқытатын -** 4 топ.
**Қауіпсіздік**:
Бөбекжай өрт қауіпсіздігі жүйесімен, полицияны шұғыл шақыру түймесімен, дауысзорайтқышпен жабдықталған. Бөбекжайда 8 бейнелеу камерасы болды.

2022 жылы 27 бақылау камералары қойылды.7 камера сыртқы 20 камера -топ бөлмелелері, адам көп шоғырланатын жерлерге қойылды. Жүйе қалалық жедел басқару кабинетіне қосылған.
Жарғылық, рұқсат беру құжаттарының, бұйрықтың көшірмесі қоса (қосымша 1) берілді.

## Медициналық анықтама

Бөбекжайда медициналық кабинет және оқшаулау бөлімі бар. Медициналық қызметкерлермен толық қамтамасыз етілген. Балалар балабақшаға кіргенде денсаулық жағдайы мұқият тексеріледі, олардың денсаулық тобы анықталады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және сауықтыру іс-шаралары жүргізіледі. Жаз мезгілінде күн ванналарын қабылдау, жалаңаяқ жүру, жыл бойы сумен шынығу, шынықтыру төсемімен жүру т.б шаралар жүйелі жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қызметтің жетекші бағыты – санитарлық ағарту жұмыстарына да қазіргі жағдайға байланысты көңіл бөлініп келеді. Осы мақсатта педагогтерге, техникалық қызметкерлерге жиі кеңестер беріліп, жұмыс жүргізілуде. Барлық топтар визуалды үгіт құралдарымен - қол жуу ережелері, салауатты өмір салтын ұстану жолдары, дұрыс тамақтану стенд, күнделікті тәртіп т.б.қамтылған.

Медициналық қызметкерлері қажетті дәрі-дәрмектермен, шағын медициналық жабдықтармен үнемі толықтырылып отырады. Алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрі-дәрмектер қоры бар. Барлық топтарда кварц шамдары бар. Барлық топтар дизенфекция жасауға, жууға арналған санитарлық құралдарымен қамтамасыз етілген.

Аурулардың алдын алу мақсатында күз, қыс және көктем айларында ОРВИ және тұмаудың алдын алуға бағытталған іс-шара өз нәтижесін көрсетіп келеді. Күзгі-көктемгі кезеңде дәрумендермен сауықтыру жүргізіледі. Үшінші тағамға С дәрумені күнделікті қосылады.

Балабақшада емдеу-сауықтыру шаралары, дене тәрбиесі, шынықтыру шаралары өтілуде. Балаларға төрт мезгіл тамақ және таңертеңгілік уақытта қосымша дәрумендері бар тағамдар беріледі (жемістер және дәрумендi шырындар).

## «Нұрбөбек» бөбекжайында білім үрдісінің жабдықталуы және материалды техникалық базасының сипаттамасы

«Нұрбөбек» бөбекжайында материалдық – техникалық базасы жақсы деп есептелсін. Балабақша әкімшілігі балабақшаны жылда жаңа оқу жылына қарсы топтарды пәндік- дамытушылық орталарын санитарлық талаптарға сай безендірген. Барлық топ бөлмелері таза, санитарлық нормаларға сәйкес, жиһаздары педагогикалық талаптарға сай, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жабдықталған. Балабақша әр топта балаларды дамыту орталықтары балалардың

жас ерекшеліктеріне және сұраныстарына сай жинақталған. Орталықтардағы көрнекі құрал- жабдықтар көркем, балалардың қызығушылықтарын арттыруға бейімделген. Жиһаздар, ойыншықтар, оқу, ойын көрнекі – құрал жабдықтары толығымен мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талабына сай, техника қауіпсіздігін сақтау талаптарына, санитарлық- тазалық нормасына, табиғи ерекшеліктеріне, жайлы қызмет көрсету принциптеріне сәйкес жинақталған. Балабақшаның материалдық-техникалық базасы қазіргі тазалық жән педагогикалық талаптарға сәйкес.

Негізгі құралдардың тізбесі-таблицада (қосымша 2)

Мектепке дейінгі ұйымда 13 топ жұмыс істейді. Барлық топтарда жатын бөлмелері, ойын бөлмелері, қабылдау бөлмелері, жуынатын бөлмелер бар. Барлық топтар балалар санына және өсу көрсеткіштеріне сәйкес жиһазбен жабдықталған.

| Жас тобы | | Балалар саны 2022ж - 320 | Жатын бөлмедегі бір балаға арналған аудан (жалпы /1 балаға) | Ойын бөлмесіндегі бір балаға арналған аудан (жалпы/ 1 балаға) | Қабылдау бөлмесіндегі бір балаға арналған аудан (жалпы/ 1 балаға) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ерте жас «Бауырсақ» | 17 | 33,0 ш.м / 1,94 ш.м. | 47,1 ш.м. / 2,77 ш.м. | 18,5 ш.м. / 1,08 ш.м. |
| 2 | Кіші топ А «Жұлдыз» | 21 | 33,0 ш.м. / 1,57 ш.м. | 47,1 ш.м. / 2,24 ш.м. | 18.5 ш.м. / 0,88 ш.м. |
| 3 | Младшая группа Б «Сказка» | 22 | 33,0 ш.м. / 1,5 ш.м. | 47,1 ш.м. / 2,14 ш.м. | 18,5 ш.м. / 0,84 ш.м. |
| 4 | Ортаңғы топ А «Күншуақ» | 28 | 34,2 ш.м. / 1,22 ш.м. | 47,1 ш.м. / 1,88 ш.м. | 18,5 ш.м. / 0,74 ш.м. |
| 5 | Ортаңғы топ Б «Балдырған» | 25 | 33,0 ш.м. / 1,32 ш.м. | 47,1 ш.м. / 1,88 ш.м. | 18,5 ш.м. / 0,74 ш.м. |
| 6 | Ортаңғы топ В «Радуга» | 28 | 34,2 ш.м. / 1,22 ш.м. | 43,7 ш.м. / 1,56 ш.м. | 19.8 ш.м. / 0,70 ш.м. |
| 7 | Ортаңғы топ Г «Ботақан» | 26 | 34,2 ш.м. / 1,31 ш.м. | 43,7 ш.м. / 1,68 ш.м. | 19,8 ш.м. / 0,76 ш.м. |
| 8 | Ересек топ А «Гүлдер» | 28 | 34,2 ш.м. / 1,22 ш.м. | 43,7 ш.м. / 1,56 ш.м. | 19,8 ш.м. / 0,70 ш.м. |
| 9 | Ересек топ Б «Айгөлек» | 28 | 44,2 ш.м. / 1,57 ш.м. | 45,0 ш.м. / 1,60 ш.м. | 19,8 ш.м. / 0,70 ш.м. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Ересек топ В «Лучик» | 27 | 44,2 ш.м. / 1,63 ш.м. | 45,0 ш.м. / 1,66 ш.м. | 19,8 ш.м. / 0,73 ш.м. |
| 11 | Мекепалды даярлық А «Балапан» | 21 | 44,2ш.м. / 2,10 ш.м. | 45,0ш.м. / 2,14 ш.м. | 19.8 ш.м. / 0,94 ш.м. |
| 12 | Мекепалды даярлық Б «Құлыншақ» | 24 | 44,2 ш.м. / 1,84 ш.м. | 45,0 ш.м. / 1,87ш.м. | 19,8 ш.м./ 0,84 ш.м. |
| 13 | Мекепалды даярлық В «Солнышко» | 25 | 44,2 ш.м. / 1,76 ш.м. | 45,0 ш.м. / 1,8 ш.м. | 19,8 ш.м. / 0,79 ш.м. |

**Кабинеттер / Үй-жайлар алаңының көрсеткіштері**

| № | Атауы | Ауданы (ш.м.) |
|---|---|---|
| 1 | Спорт зал | 72 ш.м. |
| 2 | Музыка залы | 73,2 ш.м. |
| 3 | Қазақ тілі кабинеті | 45,0 ш.м. |
| 4 | Логопед кабинеті | 12,6 ш.м. |
| 5 | Психолог кабинеті | 12,6 ш.м. |
| 6 | Әдіскер кабинеті | 12,6 ш.м. |

Тиімді тәрбие мен оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база жыл сайын толықтырылып отырады. Соңғы бес жылда алынған заттар тізбесі төменде.

| **Жылы** | | **Тауар атауы** | **Саны** | **Бағасы** |
|---|---|---|---|---|
| 2018 | 1 | Есептегіш құрал суға | 1 | 423111 |
| | 2 | Кілем | 2 | 196000,00 |
| 2019 | 1 | Робототехника жинағы | 1 | 74700 |
| 2020 | 1 | Ноутбук | 1 | 260000 |
| | 2 | Шаңсорғыш | 2 | 46 726,00 |
| | 3 | Робототехника жинағы | 4 | 438 423,00 |
| 2021 | 1 | Мұздатқыш | 1 | 164 265,92 |
| | 2 | Есептегіш құрал эл эн | 1 | 33 950,00 |
| 2022 | 1 | Су ысытқыш титан | 2 | 119 440 |
| | 2 | Шөп орғыш машина | 1 | 46 875,00 |

Жиһаз балалардың өсуіне сәйкес таңдалады және таңбаланады. Табиғи және жасанды жарықтандыру қалыпты жағдайға сәйкес келеді. Топтар 2 жағынан табиғи

жарықтандыруға ие, терезелердің екі жақты орналасуы желдетуді тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Барлық топтарда кварц шамдары бар, кварцтау күніне 2 рет өтеді. Медицина қызметкерлері санитарлық шаралардың орындалуын бақылайды, жарыққа, ауа режиміне тұрақты бақылау жүргізіледі. Жалпы тазалау кестесінің орындалуы, ыдыс жууға, кір жууға және арнайы киімге арналған жуғыш заттардың болуы нақты бақыланады.

Жылдың кез келген уақытында желдету, су ішу режимі сақталады. Балаларды сауықтыру бойынша жұмыстар жоспар бойынша жүргізілуде. Сауықтыру іс-шараларының жоспары балалардың контингентіне байланысты әрбір оқу жылына жасалады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын жақсарту перспективалары:

Ерекше балаларға арналған тактилді төсемшелер алу, сенсорлық кабинетті жарақтандыруды жалғастыру, дамытушы ойыншықтармен толықтыру, компьютерді жаңалау, ас блогында күрделі жөндеу жүргізу.

Жүк құжаттарының көшірмесі қоса (қосымшада 3) берілді.

Негізгі құралдар (жер, ғимараттар, құрылыстар, беру құрылғылары, көлік құралдары, машиналар мен жабдықтар, құралдар, Өндірістік және шаруашылық мүкәммал, өзге де негізгі құралдар, биологиялық активтер тізімі берілген.

Өзін - өзі бағалау **– «uzdik»**

## 2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен білім беру қызметінің сапасы

«Нұрбөбек» бөбекжайында тәрбиелеу мен оқыту процесі Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жоспарланып жүргізіледі.

Бөбекжайда тәрбие мен білім беру балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспар даму бағдарламасына сәйкес құрылған.

Әр жас тобындағы инвариативті және вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспарында екі құрамдас бөлік бар: инвариантты, вариативті.

Вариативті компоненттердің жұмыс оқу бағдарламалары жылдық міндеттерге сәйкес таңдалады. Педагогтер қойған білім беру салалары бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері МЖМБС сәйкес балалардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ҮОҚ құруда келесі дағдыларды дамытуға көңіл бөлінеді.

-креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігі. Креативті ойлау дағдылары: қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу, екі немесе одан да көп объектінің жалпы және

әртүрлі белгілерін табу,объектінің сипаттамасы бойынша мүмкін болатын әрекеттерді тану;
-сахналық қойылымдар, сюжетті- рөлді ойындар, шығармашылық әңгіме, ертегі, жұмбақ т.б. құрастыру. Педагогтің сыни ойлау технологиясының тиімді тәсілдері мен әдістерін қолдануы балалардың пікірін білдіруін қалыптастырады, дербестігін, жауапкершілігін, әлеуметте бағдарлай білуін дамытады.
- коммуникативтік қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табысу, үйлесімділік орнату қабілеті (бірлесіп жұмыс істеуге қабілеттілік).
- командада жұмыс істей білу - бұл бір-бірімен келісе білу, өзара пікір алмасуды қолдау, басқа адамдарды түсінуге тырысу, өзінің және өзге адамдардың әрекеттерін бағалай білу. Командада жұмыс істеу дағдыларын үйрету балаларға кез келген әлеуметте (балабақша, құрдастары және т.б.) бейімделуге септігін тигізеді.
- сыни ойлау- нәтижелі түрде пікір алмасу үшін қажетті қасиеттерді: төзімділікті, өз әрекеттеріне жауап беруді, тыңдау қабілетін дамытатын (жұппен және топтық жұмысты қолдану, пікірталас) әлеуметтік ойлау.

МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру бойынша 2021-2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса берілді.

**ҰОҚ сілтемелері**
(еренсілтемені ашу / открыть гиперссылку)

| № | **Білім беру саласы** | **ҰОҚ бөлімі** | **Топ** | **Сілтеме** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Денсаулық» | Денешынық тыру | Ортаңғы «Г» топ | https://youtube.com/watch?v=WKucQWO3W1M&feature=share |
| 2 | «Қатынас» | Сөйлеуді дамыту | Ортаңғы «Б» топ | https://youtu.be/XO7B9mJXK5g |
| | | Көркем әдебиет | Ортаңғы «В» топ | https://youtu.be/sA8964nr7PY |
| | | Сауат ашу негіздері | Мектепалды даярлық «В» топ | https://youtu.be/DMj4GKxtPJw |
| 3 | «Таным» | Математика негіздері | Мектепалды даярлық «А» топ | https://youtu.be/JQWZo24i0KU |
| | | Сенсорика | Кіші «А» топ | https://youtu.be/kS_jTQB07Qo |
| | | Жаратылыстану | Ересек «А» топ | https://youtu.be/oQtSPtjHVcA |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Құрастыру | Ересек «Б» топ | https://youtu.be/OnFCNw3dFak |
| 4 | «Шығармашылық» | Сурет салу | Ортаңғы «А» топ | https://youtu.be/4nT35n5BPdw |
| | | Жапсыру | Ересек «В» топ | https://youtu.be/Cdc31pVaQKQ |
| | | Музыка | Ересек «В» топ | https://youtube.com/watch?v=v4Id0iCBiv0&feature=share |
| 5 | «Әлеумет» | Өзін-өзі тану | Мектепалды даярлық «А» топ | https://youtu.be/he6pE_Zu3Qs |
| 6 | Психолог | Көңіл-күй жаттығуы | Ересек «Б» топ | https://youtu.be/5vdVP0jKuMk |

Балабақшадағы барлық жастағы топтар бойынша вариативтік компонент сағаттары оқу жоспарларында берілді.

Сапалы білімге қол жетімділік критерийлерінің бірі - қосымша білім беру. Бөбекжайда қосымша білім беру-ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, балабақшада ақысыз үйірмелер арқылы жүзеге асырылады:

1**. «Рухани қазына»** үйірмесі «Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым – қатынасы» әдістемелік авторлық бағдарламасы. Әдістемелік авторлық жинақ ҚР МЖМБС – 3.08.095-2018 ӘОЖ 821.512.122-5 КБЖ 84.2 (Каз) берілген нормаларға сәйкес, баспаға 21.06.2021 жылы бекітілген. Автор әдіскер Сейтжапбарова Г.Б., Сәтбаев, 2021 ж. – 85 б. ISBN 978-601-341-860-5 УДК 373 ББК.

2**.«Табиғат қызықтары»** үйірмесі «Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта туралы дүниетанымын кеңейту» тақырыбындағы әдістемелік көмекші құралының авторлық бағдарламасы. МДҰ әдістемелік кеңесте қорғалды. (10.09.2021ж. №1 әдістемелік кеңестің хаттамасы). Автор тәрбиеші Абубакирова К.Ж.

3.**«Ғажайып логика»** үйірмесі танымдық сауаттылық бағытындағы «Біздің балабақшаның тәрбиешілері логикалық ойлау қабілеттерін жоғарлату» тақырыбындағы әдістемелік көмекші құралының авторлық жобасы МДҰ әдістемелік кеңесте қорғалды. (10.09.2021ж. №1 әдістемелік кеңестің хаттамасы). Автор тәрбиеші Сабағанова Ш.Т.

4.**«Сиқырлы саусақтар»** үйірмесі «Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту арқылы балалардың ой-өрісін жетілдіру» тақырыбындағы әдістемелік көмекші құралының авторлық жобасы МДҰ әдістемелік кеңесте қорғалды. (10.09.2021ж. №1 әдістемелік кеңестің хаттамасы). Автор тәрбиеші Рахманова Г.Р.

5.**«Театр және бала»** үйірмесі М.Д.Маханева «Балабақшадағы театрландырылған іс-шаралар бойынша сабақтар» мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне арналған құралға сүйене отырып құрылған әдістемелік құрал.

«Сфера» со, 2001. — 128 б. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

6.**«Шебер қолдар»** үйірмесі («Балабақшадағы құрастыру» Т.М.Гурьева, А.Ю.Мисник, К.М.Тайгельтирова, Л.В.Пушкарева әдістемелік құралы. Астана қаласының ББЖ КБА ҚДИ ғылыми кеңесінде қорғалды, 21.11.2011ж. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

7.**«Өнер алды - қызыл тіл»** үйірмесі («Өнер - көзі халықта» Ф.Жұмабекова әдістемелік құралы. Астана қаласының ББЖ КБА ҚДИ ғылыми кеңесі, Астана қаласы бойынша қорғалды. 21.11.2011ж. №26 хаттама. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

8.**«Ойнайық, ойлайық»** үйірмесі математикалық бағытта құрылған «Игралочка» мектеп жасына дейінгі балаларды математикалық дамытудың ішінара білім беру бағдарламасы басшылыққа алынды. / Л.г. Петерсон, Е. Е. Кочемасова. — М.: «БИНОМ. Білім зертханасы», 2019.-80 б. 25.06.2019 ж. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

9.**«Дыбыстар әлемі»** үйірмесі «МДҰ балаларды сауаттылыққа оқыту» ішінара бағдарламасы басшылыққа алынды. СПб.: «Балалық шақ пресс» баспасы, 2020. — 272 б. ISBN 978-5-906750-97-6

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары негізгі білім беру бағдарламасын құрастыруда мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары мен ішінара бағдарламаларды қолдана алады. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

10. **«Хореография»** үйірмесі «Ең кішкентайларға арналған Хореография» бағдарламасы басшылыққа алынды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

11. **«Робототехника»** үйірмесі 3-17 «Балабақшадағы Робототехника». Қосымша жалпы дамыту бағдарламасы басшылыққа алынды. / Н.Г. Зайцев, Е. И., Орыс, Т. В. Семенищенкова. - Краснодар: Экоинвест, 2019. – 160 Б. ISBN. (31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

Әр оқу жылының № 1 педагогикалық кеңесте оқу жұмыс жоспары педагогикалық кеңестің шешімімен қаралады. «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ бекітіледі.

Аталған білім беру қызметтер қосымша жалпы дамыту бағдарламалары, авторлық бағдарламалар арқылы жүзеге асады.

***Білім беру процесінде педагогикалық технологияларды қолдану***

Білім беру процесінде педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі білім деңгейіне, жұмыс тәжірибесіне және мұғалімдердің жеке ерекшеліктеріне байланысты.

Білім беру сапасын арттыру, даму бағдарламасын іске асыру және жылдық міндеттерді шешу мақсатында педагогтар тәрбиеленушілердің жасын ескере отырып, бағдарламалар мен инновациялық технологияларды пайдаланады. Инновациялық технологиялар мен әдістемелерді игеру

семинарлар, консультациялар, заманауи шығармашылық топтарда жұмыс ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

| **Жас топтары** | **Қолданылатын инновациялық технологиялар** | **Инновациялық технологиялар ды игерген педагогтер саны** |
|---|---|---|
| Ерте жас тобы | - Денсаулық сақтау технологиялары<br>- Өзін-өзі дамыту технологиясы (М.Монтессори);<br>- Ойын технологиясы дидактикалық ойындар. | 2-5,5%<br>2-5,5%<br>2-5,5% |
| Кіші топтар | - Денсаулық сақтау технологиялары<br>- Өзін-өзі дамыту технологиясы (М.Монтессори);<br>- Ойын технологиясы дидактикалық ойындар. | 2-5,5%<br>3-8,3%<br>4-11,1% |
| Ортаңғы топтар | - «Картинка без запинки» (И.Н.Мурашковска, Н.П.Валюмс);<br>- Технология саморазвития (М.Монтессори);<br>- Денсаулық сақтау технологиялары<br>- Интеграцияланған сабақ технологиясы ТРИЗ элементтері;<br>- Квест-технология;<br>- Ойын технологиясы дидактикалық ойындар.<br>- Мультимедиялық технологиялар. | 4-11,1%<br>6-16,6%<br>6-16,6%<br>4-11,1%<br>3-8,3%<br>5-13,8%<br>2-5,5% |
| Ересек топтар | - Денсаулық сақтау технологиялары<br>- Жобалау қызметінің технологиялары<br>- Зерттеу қызметінің технологиясы<br>- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;<br>- Тұлғаға бағытталған технологиялар;<br>- Мектепке дейінгі және тәрбиеші портфолиосының технологиясы;<br>- Ойын технологиясы;<br>- ТРИЗ технологиясы, басқасы;<br>- Квест-технология;<br>- Проппа карт технологиясы;<br>- Технология+Робототехника;<br>- Мультимедиялық технологиялар. | 4-11,1%<br>4-11,1%<br>5-13,8%<br>3-8,3%<br>5-13,8%<br>6-16,6%<br>3-8,3%<br>2-5,5%<br>2-5,5%<br>2-5,5% |

| | | |
|---|---|---|
| Мектепалды жас | - Денсаулық сақтау технологиялары<br>- Жобалау қызметінің технологиялары;<br>- Зерттеу қызметінің технологиясы;<br>- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;<br>- Тұлғаға бағытталған технологиялар;<br>-Мектепке дейінгі және тәрбиеші портфолиосының технологиясы;<br>- Игровая технология;<br>- ТРИЗ технологиясы, басқасы;<br>- Квест-технология.<br>- Марблс тастары технологиясы;<br>- Робототехника;<br>- Мультимедиялық технологиялар. | 4-11,1%<br>5-13,8%<br>4-11,1%<br>3-8,3%<br>6-16,6%<br>6-16,6%<br>4-11,1%<br>2-5,5%<br>2-5,5%<br>2-5,5% |
| Мамандар | -ТРИЗ технологиясы,<br>-Интеграцияланған сабақ технологиясы;<br>- Денсаулық сақтау технологиялары<br>-Квест-технология;<br>- Жобалық қызмет;<br>- Мультимедиялық технологиялар. | 2-5,5%<br>4-11,1%<br>4-11,1%<br>5-13,8%<br>5-13,8%<br>2-5,5% |

Бұл технологияларды қолдану, біріншіден, тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетіне деген ынтасын арттырады, танымдық қабілеттері мен тәуелсіздігін дамытады. Тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеру сапасын және балалардың құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттырады. Екіншіден, педагогтың кәсібилігі жақсарады, шығармашылық дамиды, балалардың белсенділігі мен алынған нәтижелерге қанағаттану пайда болады.

Сарапталған жылдардағы білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметтері МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес.
2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының оқу жылдарының оқу жоспарлары, күн тәртібі, ҰОҚ кестесі, циклограмма, перспективалық жоспарлар, өтпелі тақырыптардың нұсқасы қоса (қосымша 4) беріледі.

**2018-2022 жылдар аралығында мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы келесі жылдық міндеттерді шешті:**

**2018-2019 оқу жылындағы**
**МДҰ-ның жылдық жоспарының негізгі міндеттері:**

**Міндеттері:**

1. Мектепке дейінгі ұйымда тілдердің үштұғырлығын дамытуда педагогтердің инновациялық технологияларды қолданудағы кәсіби біліктіліктерін арттыру.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында тәрбиеленушілердің дағдыларын қалыптастыруда педагогтердің құзіреттілік деңгейін дамыту.
3. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымға тарту, өзара әрекеттестерді түрлі стратегияларын құру, отбасылық тәрбиені іске асыруда психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

**2019-2020 оқу жылындағы**
**МДҰ-ның жылдық жоспарының негізгі міндеттері:**

1.Заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін қолдану арқылы тәрбиеленушілердің сөйлеу дағдысының сапасын дамыту бойынша педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру.
2. Балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру олардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту жөніндегі жұмысты тереңдету.
3. Балалардың көркемдік және театрлық қызметін дамытуға арналған педагогтардың жұмысын бастау.

**2020-2021 оқу жылындағы**
**МДҰ-ның жылдық жоспарының негізгі міндеттері:**
**Міндеттері:**

1. Инновациялық технологияларды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, зерттеулік қабілеттерін дамыту жұмысына баса назар аудару.
2. Пәндік-кеңістіктік ортаны құруға баса назар аудара отырып, балалардың көркемдік театрлық қызметін дамытуда педагогтардың жұмысын жандандыру.
3. Балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын дамыту бойынша жұмысты күшейту,педагогтар мен ата-аналардың белсенді өзара іс-қимылы арқылы салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру.
4. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идея құндылықтары негізінде туған өлкемен, отбасылық дәстүрлермен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық дүниетанымын қалыптастыру.

**2021-2022 оқу жылындағы**
**МДҰ-ның жылдық жоспарының негізгі міндеттері:**

1.Педагогтердің жұмысын балабақшаның ҰОҚ-де театрландырылған қызметті интеграциялау арқылы балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға бағыттау.
2. Балалармен жұмыс жасауда педагогикалық үдерісті заманауи тәсілдерді енгізу арқылы дене тәрбиесі бойынша педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

3.Мектеп жасына дейінгі балалардың оқыту – тәрбиелеу үрдісіне инновациялық технологияларды кіріктіру арқылы тәрбиеленушінің коммуникативтік, зияткерлік әлеуетін дамыту жұмысын жалғастыру.
4.Отбасындағы заманауи тәсілдер мен тәжірибені қолдану арқылы балалардың патриоттық тәрбие жұмыстарын жалғастыру.

**2022-2023 оқу жылындағы**
**МДҰ-ның жылдық жоспарының негізгі міндеттері:**

**Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің негізгі міндеттері:**
1. Балаларда қозғалыстың негізгі түрлерін дамытуды жалғастыру, жүйелі жаттығуларға деген қажеттілік өз денесінің сұлулығы мен күші туралы түсінік қалыптастыру.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, зияткерлік әлеуетін дамытудың инновациялық әдістерін зерделеу және енгізу жұмысын тереңдету.
3.Балалардың өзіндік театр-ойын қызметіне ерекше назар аудара отырып, тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігін дамыту бойынша педагогтердің тереңдетілген жұмысын жалғастыру.
4. Өз қаласымен, елімен таныстыру арқылы балалардың патриоттық тәрбие жұмыстарын тереңдету және кеңейту.
5. Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына әсер ететін ойын қызметін ұйымдастыру бойынша тереңдетілген жұмыс бастау.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының жылдық жоспарының көшірме нұсқасы қоса (қосымша 5) ұсынылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Нұрбөбек» бөбекжайында түрлі іс – шаралар өткізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспарында ұлттық салт – дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани – адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша балабақшада өтпелі тақырыптар құрылды. Әр оқу жылына іс – шаралар ұйымдастырылды. Балабақша педагогтері мен тәрбиеленушілері түрлі Халықаралық, Республикалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Іс – шаралар жоспарланған уақытында өткізіліп отырды. Жыл сайын «Рухани жаңғыру»-патриоттық тәрбие беру мақсатында «Туған жердің тарихы» апталығы ұйымдастырылды. Апталықта «Асық ұлттық құндылық» ойын-сауық, «Ата-ана құпиясы» аукцион, «Киіз үй қазақтың баспанасы» ҰОҚ, «Аналаны бояймыз» сурет салудан көрме, «Бауырсақ» Party, «Менің елім» өлең оқу сайысы іс-шаралары келесі ссылкаларда ұсынылды:
CUxg-vdgLQo/?igshid=MDJmNzVkMjY=, CUw1GQHMxM8/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CUwprzqgNIr/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,

CUwgQhVsDgr/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXQZyiugPxL/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXQZrusgSDh/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXQZhDqAoq5/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXNmO7ogoU4/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXNlusAs6ot/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXNlS2Zshr4/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXL4BuPghkM/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXL2KbNM0Zs/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CXK0r4NIxTO/?igshid=MDJmNzVkMjY=, CUsA_UQgko3/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CTg5ZKVgPsf/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CW7nOK6AfhR/?igshid=MDJmNzVkMjY=.

Бөбекжайдың 2019-2020 ж.ж. даму стратегиясының ІІІ-ші стратегиялық бағыты - мектепке дейінгі жастағы балалардың патриоттық сезім негіздерін «Рухани жаңғыру» ұлттық идея тұрғысында қалыптастыру болды. Өз елі, өз қаласы тарихына қызығушылық қалыптастыру. Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде адамгершілік, патриоттық тәрбие қалыптастыруда қазақ этнопедагогикасы материалдарын үнемі кіріктере отырып қолданады. Әр бала жанында өз еліне, тарихына, салт-дәстүрлеріне сүйіспеншілік тәрбиелеу. Қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлайтын ұлттық психологиясы бар тұлға тәрбиелеу мақсатында құрылған «Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым - қатынасы» бағдарламасы және «Әжемнің ертегісі» жобасын жүзеге асыруда ұлттық ойындар, театр түрлерімен (қасық, көлеңке, стол үсті, фартук, орамал, тантемаресок, карина иллюстарция театрлары), ертегі қойылымдары келесі сілтеме арқылы ұсынылады:
CXdv7zNgkKj/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CXxmoxNACJz/?igshid=MDJmNzVkMjY= ,
CX5kfD3Bq2X/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CYFpB-ch7RW/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CZg-oPhBY7d/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CZ7nGJzANgZ/?igshid=MDJmNzVkMjY=
CaXWtvbgZxY/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CaXXFLZAlz5/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CaXYBn2gKBN/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CaZvd8vACqZ/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CaecVw7gUPr/?igshid=MDJmNzVkMjY=,
CgKAYPBgEJU/?igshid=MDJmNzVkMjY= .

Өзін - өзі бағалау – **«uzdik»**

**3. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта**

Пәндік- кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану болып табылады. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Біздің бөбекжайда барлық топтар пәндік- кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарға сай келеді, қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; өзгермелі; тартымды , жас топтары бойынша пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптарды ескере отырып барлық топтарда осы талапқа сай жабдықталған.

Бөбекжайда жатын бөлмелері мен шешінетін бөлмелері бар 13 топтық бөлме, музыка залы, дене шынықтыру залы, психолог кабинеті, логопед кабинеті, әдістемелік кабинет, медициналық блок, қазақ тілі кабинеті, асхана,кір жуатын орын, медициналық, есепші бөлмелері бар

Балалардың дене жағынан дамуы мен денсаулығын нығайту үшін дене шынықтыру залы, қажетті құрал жабдықтармен толық жабдықталған. Жас буынның бойына әсемдік сезімдерін дарытуға, олардың дүниетанымын кеңейтуге музыка залында синтезатор , домбыра, пианино, музыка орталықтары бар. Кір жуатын бөлме арнайы кір жуатын машиналармен жабдықталған. Әдістемелік бөлме педагогтарға қажетті әдістемелік және көркем әдебиеттермен қамтылған.

Барлық жабдықтар санитарлық, эстетикалық талаптарға сай келеді.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, ағаштар түрлері (қайың, шырша, қарағаш т.б.). Гүлзарлармен әшекейленген, жазғы суару жұмыстары ұйымдастырылған. Спорт алаңы, жол ережесі алаңы бар.

«Бауырсақ» ерте жас тобында, «Жұлдыз», «Сказка» кіші топтарында балалардың дамып жетілуіне жақсы және ыңғайлы, әр жеке баланың дамып жетілуіне мол мүмкіндіктер жасалған. Топтың іші танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, сенсорлық танымын белсендіретін материалдар мен құралдар, қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, ойыншықтармен жабдықталып толықтырылған. «Күншуақ», «Балдырған», «Радуга» ортаңғы топтарында дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтырылған, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, Марблс тастарымен карточкалар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге

